


• Өмір және өлең

Өмір КӘРІПҰЛЫ - ауыл жыршысы. Өмір бойы елде тұрып келеді. Мамандығы - ұстаздық, шығармашылықты өлеңнен бастаған. Проза жанрында еңбектеніп, екі роман, ондаған хикаят, әңгімелер жазды. Оншақты кітаптың авторы. Жетпістен асса да қаламында желіс бар. Газет оқырмандарына қарт қаламгердің бір топ өлеңін ұсынғанды жөн көрдік.

Мезгіл

әуендері



САРЫМСАҚТЫ САЙ

Топ-толық боп томпыып сайда өседі,
Сайда өспесе сарымсақ қайда өседі.
Шабындықты аңғардың табаны бүк,
Кеішқұрымғы қоңыр жел майда еседі.
Тәбет ашар қышқылтым емге дәру,
Сарымсақтан дәметіп келген ару.
Елең етіп сай жаққа қарай қалды,
Қыз бейбаққа оңай ма сөзге қалу.
Желе жортып ентелеп келді жігіт,
Шыдас бермес мұндайда тең құрбылық.
Әлі жасаң сарымсақ, қыз да балаң,
Күзге шейін сәл шыда мерзімді күт.
Дегендей-ақ алда тұр тойлар әлі,
Құйындайын үйіріп айналаны.
Желік құмар желемік мейлі біліп,
Ақ балтырын арудың аймалады.
Жасаң әлі сарымсақ піспегені-ай,
Обал-ақ қой, басарсың тіске қалай.
Жігіт сәтте құрбысын аяп кетті,
Жолығысар күн туар әлі талай.
Сасқаны ма бойжеткен күле берді,
Бір жасырын оянып тілегі енді.
Тәңір сыйын қалайша тәрік қылсын,
Бозбаланың бұлқынды жүрегі енді.
Күле берді, құрғыр қыз күле берді,
Жігіт бастап кетердей бір өнерді.
...Қатар жүрген кешегі қимастарға
Бәсірелеп ұсындым бұл өлеңді.

ҚАМШЫ

Ауыл отыр Ақсудың сағасында,
Мал осында, адам да бәрі осында.
Кешке қарай отарды қайырмалау,
Міндет еді қойшының баласына.
Әр нені ойлап жас бала қиялдайтын,
Әдеті оның ойланбай жүре алмайтын.
Аңсақ көңіл тазыдай елеңдейтін,
Тәтті қиял түлкідей бұлаңдайтын.
Ұйқастырып өлеңмен бірдеңені,

ШӨМІШ


Үй ішінде дау шығып болмашыдан,
Асып түскен өзендей арнасынан.
Сабасына түсе алмай ашулы ана,
Қысастықпен бел шеіпей таңды атырған.
Көз ілмей неден сонша бүлінді екен?
Сыртқа жайып іштегі сырын бекем.
Момақансып жүретін келіні оның,
Сумаң қол, сумақайлау жырынды екен.
Келіннің көзжұмбайға басқаны анық,
Жіберіпті шөмішті отқа жағып.
Қайтесіз деп баласы басу айтты,
Қалқашты ренжітпе босқа налып.
-Дегенім бекер екен жайсаңым ба,
Ырысын шөміш оның шайқады ма,
Ескіге есі кеткен өш келеді,
Одан да ұқтыр соны сайқалыңа.
Деп ана шылбырдайын ширатылды,
Сендерсіз де сақтаймын бір басымды,
Бөлек кет осы бастан жөніңді тап,
Үйден шық қолтықта да қимасыңды.
Байғұс ана жұқарды көзі жасты,
Келіннің білместігі жанға батты.
Қашанда жаңа ескіні ығыстырған,
Шөміштің темір ожау орнын басты.

ЖЕҢГЕ

Жеңешем қоймай-қоймай жылайды кеп,
Балаша көзін жаспен бұлайды кеп.
Бір медет күтетіндей қайнысынан,
Шатақтың түп себебін сұрайды деп.
Қайнысы маз-мейрам боп күліп отыр,
Күнәсін жеңгесінің біліп отыр.
Жайлауға мал дәрігер келіп кеткен,
Содан да ұрыс-керіс шығып отыр.
Дәрігер ақсақ-тоқсақ қой емдейді,
Ол шіркін мал емдемей нені емдейді?
Қолғабыс дәрігерге қорсетем деп,
Жеңгеміз әрлі-берлі көлбеңдейді.
Қой баққан ағай біздің қырағы еді.

Әлсін-әлсін көкейге жыр келеді.
Сөйтіп жүріп қамшысын түсіріп ап,
Таппай қойды шарқ ұра іздеп еді.
Аяулы еді қамшы да бір қаралық,
Жазықты боп бала тұр құнға қалып.
Бейғамдығын ынжықтың кешіре алмай,
Әке сүспен ұлына тұрды аларып.
Ара түсіп шешесі баласына,
Қиқар шалды түсірді сабасына.

- Ердің құны емес қой сол бір қамшы,
Менің ұлым сондайлық санасыз ба?
- Араласпа бәйбіше, бұл егеске,
деді әке, - үміт күтер ұл емес пе.
Әлден босаң бос белбеу бұл шірігің,
Құр қол қалған жігітке мін емес пе?
- Тыңда балам, - деді әке тебіреніп,
Салмақ сала шымырлап сөзіне нық.
- Айбары бұл қазақтың қамшы деген.
Ұғып алғын тұрғанда кезі келіп,
Қол қаруың болмаса атың да әлі.
Ұзақ жолда құтыңды қашырады.



Қамшы ұстамай жүретін жігерсізді,
Қойнындағы қатын да басынады.
Бойға қуат қамшымен сес келеді,
Саңлақтанып санаға ес келеді.
Шәуілдектің қарадай құты қашып,
Көре алмастар қайбартып сескенеді.
Қамшың барда жігіт жоқ сенен асқан,
Жолбасар да қаймығып белең асқан.
Қамшы ұстаған адамның құдайы жақ,
Азғырынды шайтан да безе қашқан.
Атқамінген жігіттің нарқы қандай,
Қолындағы шырғай сап қамшы қандай.
Сұлу өрім қамшыға көзі түсіп,
Қыз дидары болады-ау балқығандай.
Осылай деп қара шал шалқыды бір,
Еске түсіп жастық шақ жарқын зұмыр.
...Дегені естен кетпес сол әкенің,
Қадірін біл қамшының, салтыңды біл.

Қой баққан ағай біздің қырағы еді,
Қырағылық - серігі, сыңары еді.
Дүрбімен ауыл жақты шолған кезде,
Қос бейне ереуілдеп шыға келді.
Дәрігер дейді жеңгем мал емдеді,
Мал емдеген емес қой бала ермегі.
Ағай сонда қырланып мырс етті бір,
- Мал емес ол пәлекет сені емдеді.
Жеңгемнің ақша жүзі күреңітті,
(Арты қайыр жақсылық тілелікіші).
Алдына күйеуінің тастай берді,
Қолынан ағытып ап білезікті.
— Бұл білезік енемнен қалған еді,
Ырымдап білегіме салған еді.
Ақ жолдан жазатайым бұрыс кетсем,
Киесі атсын білезіктің онда мені.
Сенбісің деді сосын сенер қайным,
Енді ағаңның зіліне көне алмаймын.
Түнгі тоқпақ жетпей ме бір басыма,
Күндізгі жаласына төзе алмаймын.
Ағай күніп жіберді, мен де күлдім,
Екі жаққа бірдей боп тең бөліндім.
Қазан қайнап әп-сәтте тамақ пісіп,
Ықыласына кенелдім жеңгеміздің

ӘКЕ ҚҰРДА СЫНЫҢ

ӘЗІЛІ

Жұмсады шешем ұстаға,
Кездік соғып берсін деп.
Ұнады маған бұл шара,
Жетіп-ақ бардым елілдеп.
Көзінің еті қызарып,
Қалыңдап алған қабағы.
Сұстанып ұста қырланып,
Алара маған қарады.
- Шешеңе, - деді сол керек,
Тап болған өтпес кездікке.
Әкеңнен тартып алар ем,
Айта бар өзі мендік пе?
Дуылдап кетті бет-жүзім,
Қызғаныш шарпып ішімді.
Әкеме сәтте жеткіздім,
Дегендей көрсет күшіңді.
- Ұста ол, - деді адал жан,
Қалжың сөзге шеп-шебер.
Қалмайды түк те бағаңнан,
Сұйылып сөзің кетсе егер.
Ұзартарадам әзілмен,
Жалғанды мына бес күндік.
Кездіктен бұрын жігітке,
Өткірлік керек, өткірлік.
Кездіктей кейде мұқалып,
Жігерім жасып торықсам.
«Үнілеген» көріктің,
Сарыны жетер алыстан.

**Қарағанды облысы,
Ақадыр кенті.**